

**«Астана» халықаралық қаржы  
орталығы**

«8» Желтоқсан 2017 жыл  
№ 33  
Астана қаласы

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі**

«11» Желтоқсан 2017 жыл  
№ 711  
Астана қаласы



**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика  
министрлігі**

«12» Желтоқсан 2017 жыл  
№ 405  
Астана қаласы

**БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

**«Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға жататын кірістердің, сондай-ақ шегерімге жатқызылатын шығыстардың бөлек есебін жүргізуі қағидаларын бекіту жөнінде**

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қоса беріліп отырған «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға жататын кірістердің,

сондай-ақ шегерімге жатқызылатын шығыстардың бөлек есебін жүргізуі қағидалары бекітілсін.

2. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау «Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысына жүктелсін.

3. Осы бірлескен бұйрық оған тараптар қол қойған және «Астана» халықаралық қаржы орталығының сайтына орналастырылған күннен бастап күшіне енеді.

**«Астана» халықаралық қаржы  
орталығының Басқарушысы  
«8» Желтоқсан 2017 жыл**

\_\_\_\_\_ **Қ. Келімбетов**

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі**

**« 11» Желтоқсан 2017 жыл**

\_\_\_\_\_ **Б. Сұлтанов**

**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
«12» Желтоқсан 2017 жыл**

\_\_\_\_\_ **Т. Сүлейменов**

«Астана» халықаралық қаржы орталығы  
Басқарушысының  
2017 жылғы «8» Желтоқсан № 33 ,  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы «11» Желтоқсан № 711 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2017 жылғы «12» Желтоқсан № 405  
бірлескен бұйрығымен бекітілді

**«Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының  
корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға  
жататын кірістердің, сондай-ақ шегерімге жатқызылатын шығыстардың  
бөлек есебін жүргізуі  
ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – Орталық) қатысушыларының корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға жататын кірістердің, сондай-ақ шегерімге жатқызылатын шығыстардың бөлек есебін жүргізуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 6-бабы 5-тармағына сәйкес Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарын қолдану мақсатында әзірленген.

2. Қағидалар Орталықта тіркелген немесе Орталықтың қолданыстағы құқығына сәйкес оның қатысушылары ретінде Орталық аккредиттелген заңды тұлғаларға қолданылады және олар үшін міндетті болып табылады.

3. Орталықтың қатысушылары көрсететін, оларды көрсетуден түскен кірістер бойынша корпоративтік табыс салығынан босатылатын қызметтердің тізбесі Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарында айқындалған.

4. Қағидаларды қолдану мақсаттары үшін Конституциялық заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңға қайшы келмейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерімен көзделген негізгі ұғымдар пайдаланылады.

5. Қағидаларда пайдаланылатын салықтық, азаматтық және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да салаларының ұғымдары, егер Қағидалармен және Конституциялық заңмен өзгеше көзделмесе олар Қазақстан

Республикасы заңнамасының сол салаларында қалай пайдаланылса, солай қолданылады.

6. Қағидалармен белгіленбеген салық міндеттемелерін орындау жөніндегі ережелер Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

## **2-тарау. Кірістердің бөлек есебін жүргізу тәртібі**

7. Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарын қолдану мақсатында Орталықтың қатысушысы есептік салық кезеңінің корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салуға жататын кірістердің бөлек есебін:

1) мыналарды:

корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын, – тікелей кірістерге; салық салуға жататын – өзге кірістерге жатқызу;

2) салық тіркелімдерінде тікелей кіріс пен өзге кірістер туралы мәліметтерді көрсету арқылы жүргізеді.

8. Мыналар:

1) Конституциялық заңның 6-бабы 3-тармағында көрсетілген – Орталықтың аумағында Орталықтың қатысушысы жасаған шарттарға (келісімшарттарға/мәмілелерге) сәйкес Орталықтың аумағында қызметтер көрсету қызметінен алған;

2) Конституциялық заңның 6-бабы 4-тармағында көрсетілген – Орталықтың аумағында Орталықтың қатысушысы:

Орталықтың органдарымен;

Конституциялық заңның 6-бабы 3-тармағында көрсетілген қызметтерді көрсетуші Орталықтың қатысушысымен жасаған шарттарға (келісімшарттарға/мәмілелерге) сәйкес қызметтер көрсетуден алған кірістері тікелей кірістер болып танылады.

9. Тікелей кірістер деп танылмаған және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жиынтық жылдық кіріске қосуға жататын Орталық қатысушысының барлық кірістері өзге кірістер деп танылады.

10. Тікелей кірістер мен өзге кірістердің сомасы өзге кірістердің жалпы сомасымен танылады.

## **3-тарау. Шығыстардың бөлек есебін жүргізу тәртібі**

11. Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарын қолдану мақсатында Орталықтың қатысушысы есептік құжаттаманың негізінде есептік салық кезеңінің шегерімге жатқызылатын шығыстардың бөлек есебін:

1) мына шығыстарды:

шегерімге жатқызылмайтын;

Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарына сәйкес корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын кірістерді алу бойынша қызметке жатқызылатын;

салық салуға жататын кірістерді алу жөніндегі қызмет бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстарды айқындау;

2) Салық тіркемелерінде тікелей кірістер, жалпы шығыстар және тыс шығыстар туралы мәліметтерді көрсету арқылы жүргізеді.

12. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес шегерімге жатқызылмайтын шығыстар шегерімге жатқызылмайтын шығыстар болып танылады.

13. Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарына сәйкес корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын кірістер алу бойынша қызметке жатқызылатын шығыстар ретінде тікелей және жанама шығыстардың сомасы танылады.

14. Салық салуға жататын кірістер алатын қызмет бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстар ретінде өзге және тыс шығыстардың сомасы танылады.

15. Тікелей шығыстар ретінде Орталық қатысушысының Орталық аумағында қызметті жүзеге асырумен байланысты және (немесе) орталық аумағында ұшыраған мынадай шығыстар:

1) жұмыс орындары жабдықталған және Орталықтың қатысушысы Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарына сәйкес қызметтер көрсететін Орталықтың аумағындағы кеңсені ұстап тұру және қамтамасыз етумен байланысты шығыстар;

2) жұмыс істейтін орындары АХҚО-ның аумағындағы кеңсе болып табылатын жұмыскерлер бойынша шығыстар (салықты қоса іссапар шығыстары, оқыту шығыстары, сақтандыру шығыстары, Орталық қатысушысының шетелдік жұмыскерлерінің визасына шақырулар рәсімдеу және визалар алумен байланысты шығыстар);

3) тек қана Орталықтың аумағында пайдаланылатын бекітілген активтер бойынша есептелген тозымпұл аударымдары;

4) Орталық аумағында Орталықтың басқа қатысушысымен жасалған шарттар (келісімшарттар/мәмілелер) бойынша көрсетілген қызметтерді төлеумен және Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 4-тармақтарымен көзделген қызметті жүзеге асырумен байланысты шығыстар танылады.

16. Жалпы шығыстардың туындысы және тікелей кірістердің коэффициенті ретінде айқындалатын жалпы шығыстардың бөлігі жанама шығыстар деп танылады.

17. Тікелей кірістер коэффициенті Орталық қатысушысының тікелей кірістер сомасының жалпы кірістер сомасына қатынасы ретінде пайызбен айқындалады.

18. Қағидалардың 17-тармағына сәйкес айқындалған пайыз түріндегі коэффициенттің мәні нөл бүтін нөлде бірге (0,01 %) дейін жуықтап алынады.

19. Тыс шығыстар ретінде Орталық аумағында қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және (немесе) Орталық аумағынан тыс жерде ұшыраған Орталық қатысушысының төмендегідей шығыстары:

1) жұмыс орындары жабдықталған және Орталықтың қатысушысы қызметтер көрсететін Орталықтың аумағынан тыс жердегі кеңсені ұстап тұру және қамтамасыз етумен байланысты шығыстар;

2) жұмыс істейтін орындары АХҚО-ның аумағынан тыс жердегі кеңсе болып табылатын жұмыскерлер бойынша шығыстар (салықты қоса іссапар шығыстары, оқыту шығыстары, сақтандыру шығыстары, Орталық қатысушысының шетелдік жұмыскерлерінің визасына шақырулар рәсімдеу және визалар алумен байланысты шығыстар);

3) тек қана Орталықтың аумағынан тыс жерде пайдаланылатын бекітілген активтер бойынша есептелген тозымпұл аударымдары;

4) Орталық аумағынан тыс жерде Орталықтың басқа қатысушысымен жасалған шарттар (келісімшарттар/мәмілелер) бойынша көрсетілген қызметтерді төлеу бойынша шығыстар ретінде танылады.

20. Өзге шығыстар жалпы шығыстар сомасы мен жанама шығыстар сомасы арасындағы айырмашылықтың мөлшерімен айқындалады.

21. Жалпы шығыстары ретінде Орталық қатысушысының тікелей шығыстар деп анықталмаған, кірістер алу бойынша қызметке жатқызылатын, корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын шығыстар немесе салық салуға жататын кірістерді алатын қызмет бойынша шегерімге жатқызылатын өзге шығыстары танылады.

#### **4-тарау. Бейрезиденттердің Қағидаларды қолдануы ерекшеліктері**

22. Орталық қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденті Қағидаларды қолдануы кезінде:

1) Қағидалардың 2-тарауында көрсетілген кірістер құрамына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына немесе болған жағдайда Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында салық салға жататын кірістерді қосады;

2) Қағидалардың 2-тарауында көрсетілген шығыстар құрамына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына немесе болған жағдайда Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында шегерімге жататын шығыстарды қосады.

#### **5-тарау. Қағидаларды қолдану тәртібі**

23. Орталықтың органдары Қағидаларды қолдану бойынша Қағидалармен реттелмеген мәселелер туындаған кезде, Конституциялық заңға және қолданыстағы Қағидалардың нормаларына қайшы келмейтін бөлікте:

- 1) Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
- 2) Орталықтың қатысушыларында және (немесе) Орталықтың органдарында Қағидаларды қолдану бойынша туындаған мәселелерді реттейтін актілерді қабылдауға құқылы.

Осы тармаққа сәйкес қабылданған Орталықтың актілері Конституциялық заңға, сондай-ақ Конституциялық заңмен реттелмеген бөліктегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығына қайшы келмеуі тиіс және қолданыстағы құқықтың құрамына енгізіледі.